

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың ХІ Халық. ғыл. конф. = ХІ Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

статистикасын қалыптастыру бойынша көрсеткіштер статистикалық әрекеттердің көлік саласындағы әрекеттерін барлық пайданушылар үшін қажетті құжаттарды толығымен алу мақсатында анықтауға мүмкіндік береді.

Елбасының «100 нақты қадам» ұлттық жоспарында жол-көлік инфрақұрылымын қалыптастыру және дамыту жөнінде бірыңғай оператор қалыптастыру үшін стратегиялық инвесторлар тарту жайында айтылған. Сондай-ақ мемлекет басшысы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты халыққа Жолдауында да көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту бағытында нақты тапсырмалар берген болатын. Осы бағыттарды ары қарай дамыту, жаңғырту туризм саласы үшін ең басты мәселе.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Справочное руководство по статистике воздушных перевозок. Евростат. Версия 8.
2. Искалиев Е. Развитие транспортно-логистической системы Республики Казахстан // [Электронный ресурс]. - Режим доступа: www.kazlogistics.kz
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитеті
4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің деректері

ӘОЖ 338.486.5

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТУРИСТІК БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

Даулеткереева Альфия Саламатовна
Ошакбаева Нурбала Бауыржановна
Krg.10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті Туризм
кафедрасы студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - экономика ғылымдарының магистрі
Шарапаева Бота Жанабекқызы


Туристік бизнес – әлем шаруашылығындағы тез дамитын шаралардың бірі, ал туризм саласындағы бизнесті ұйымдастыру - тікелей тұрақты дамыған компаниялардың көрсететін қызметіне дұрыс есеп жүргізумен тығыз байланысты[1]. Ал, Қазақстандағы туристік бизнестің бүгінгі жағдайы жоғарыда аталған талаптармен сәйкес келмейді. Оған өз кезегінде Қазақстандағы туристік бизнесті тежейтін негізгі келесідей факторларды атап көрсетуге болады:

- 1)Елдегі туризм инфрақұрылым деңгейінің төмен болуы;
- 2)Шетелдіктер үшін жарнаманың жеткіліксіздігі;
- 3)Туристік өнім бағасының сапасына сай келмеуі;
- 4)Шетелдіктер үшін виза және басқа да құжаттарды рәсімдеудегі қиындықтар;
- 5)Білікті мамандардың аздығы.

Туризм саласында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру үлкен еңбекті қажет ететін іс-шара болып табылады. Ол тәжірибеде ұйымдастырушылардан шығармашылық мүмкіндігін және ұйымдастыру барысындағы кез-келген кездескен мәселелер бойынша тәжірибелік тапсырманың стандарттық емес шешімін талап етеді. Туризм көптеген дамыған және дамушы елдер үшін валюталық түсімдерінің кайнар көзі болып табылады. Қазіргі кезде Қазақстан үшін де бұл экономика секторы маңызды мәселе болып отыр. Қазақстан Республикасында көптеген туризм түрлерін және туристік қызметтің формаларын дамыту үшін ресурстары мен мүмкіншіліктері жетерлік. Шетел тәжірибелері туристік кластерлердің дамуы туристік қызмет көрсету нарығының тиімділігін арттыратынын көрсетіп отыр және сол арқылы олар ұлт жағдайын жақсартып отыр. Осыған орай, ҚР-ның Үкіметі туристік

кластер құру жөнінде шешім қабылдады. Мұны жүзеге асыру мақсатында мемлекет пен жеке құрылымдар арасында жан-жақты талқыланған әрі өзара тиімді серіктестікке құрылған туристік кластер жобасы құрылды. Кластердің ұйымдастырушылық құрылымын үкіметтік құрылымдар мен зерттеу институттарының өзара бірлескен іс-әрекеті түрінде қарастыруға болады. Бұлар тиісті стратегиялық бастамаларды көтеретін жұмыс топтарын құрады [2].

Кесте 1. Туристік кластер құрудағы негізгі құрамдардың өзара байланысының тұжырымдамалық сызбасы [3].



1 – туроператорлары; 2 – табиғи туристік кешендер мен тарихи-мәдени мұра кешендері; 3 – туристер мен тағзым етушілер; 4 – орналастыру қоры; 5 – коммуналды шаруашылық; 6 – мамандар; 7 – азық-түлік базасы; 8 – инженерлік-техникалық құрылғылар; 9 – ғылыми-зерттеу бөлімдері мен басқару ұйымдары.

Бұл сызба туризм саласындағы объектілер мен субъектілері арасында тығыз байланыс болу керектігін айқындайды.

Туристік бизнесті дамыту үшін Қазақстандағы және жалпы туризмді сыни тұрғыдан зерттеп, бірнеше талдаулар жүргізілуі керек. Осыған орай, біз туристік бизнестің мемлекетке тигізетін оң және теріс әсерлері, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлерін көрсететін SWOT-талдауды ұсынамыз.

Кесте 2 - SWOT-талдау

S-strengths Мықты жақтары	W-weaknesses Әлсіз жақтары
○ Қазақстандағы туризм саласын дамыту; ○ Халықты жұмыспен қамтамасыз ету; ○ Еліміздегі туристік нысандар санын көбейту; ○ Келу туризмін дамыту; ○ Инфляцияны төмендету; ○ Экономикалық жағдайды жақсарту; ○ Қызмет көрсету саласын кеңейту; ○ Туристік брендті қалыптастыру; ○ Қонақ үй және мейрамхана бизнесін дамыту; ○ Халықаралық, мемлекеттік және жергілікті деңгейде дамуы; ○ аймақтың тиімді географиялық орналасу жағдайы; ○ бай табиғи рекреациялық қорлар; ○ күшті өнеркәсіптік ахуал; ○ жеткілікті инвестициялық ахуал; ○ қуат көзіне тәуелсіздік және тұрақты қуат көзімен қамту; ○ халықтың жеткілікті мөлшерде дамыған кәсіпкерлік қабілеті	○ Экологияның нашарлауы; ○ Мемлекеттің қолдауына тәуелді болуы; ○ Қазақстандағы туризм саласының даму жағдайының төмендігі; ○ Елімізде саяси жағдайлардың жиі өзгеруі; ○ Экономикалық жағдайдың тұрақсыздығы; ○ Халықаралық нарықтағы мықты бәсекелестердің көп болуы; ○ Қазақстанда келу туризміне қарағанда шығу туризмінің басым болуы; ○ Инфрақұрылымның төменгі деңгейде дамуы; ○ Туристік пакеттерге деген бағаның жоғары болуы; ○ Жарнама қызметінің жеткілікті деңгейде дамымауы. ○ білікті емес еңбек үлесінің көбеюі;

	- о қоғамдық тәртіп нормасынан тысқары (ішімдік ішу, бұзақылық) ауытқулар; - о мәдениеттің коммерциализациялануы; - о нақты туристік бағыттың табиғилығының жоғалуы; - о жергілікті халық пен туристердің арасындағы келіспеушілік, қақтығыстардың болуы.
O-opportunities Мүмкіндіктер	T-threats Қауіп-қатерлер
- о Қазақ елін халықаралық аренада әлемге таныту; - о Қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен таныстыру; - о Альтернативті энергия көздерін дамыту және энергияны үнемдеу; - о Әлемдік деңгейде өзге елдермен тәжірибе алмасу; - о Мемлекеттер арасындағы саяси, ғылыми-техникалық және әлеуметтің ынтымақтастыққа жол ашуы; - о Құрылыс, инфрақұрылым, туризм, шағын және орта кәсіпкерлік, қонақ үй және мейрамхана бизнесін дамыту мүмкіндіктері жоғары.	- о Инфрақұрылымның халықаралық стандарттарға сай келмеуі; - о Қазақстандағы туристік нысандар туралы ақпараттың жеткіліксіздігі; - о Еліміздегі туристік қызметтердің бағасының сапасына сай келмеуі; - о Жоғары деңгейдегі кәсіби мамандардың жеткіліксіздігі; - о Кадрларды дайындау бойынша қажет іс-шаралардың аздығы; - о Бюджеттің өзін-өзі ақтамауы; - о экологияның бұзылуы; - о әлемдік қаржы дағдарысы; - о ғарыш және әскери полигондар іс-әрекетінің жағымсыз салдары және т.б.

Туризм бизнесінің саяси, экономикалық, әлеуметтік және технологиялық факторларын айқын көрсететін PEST-талдауды ұсынамыз.

Кесте 3 - PEST-талдау

P-political Саяси	E-economic Экономикалық	S-social Қоғамдық	T-technological Технологиялық
1.Саясаттың тұрақтылығы – туризм дамуының басты шарты; 2.Бір елдің өзге елмен серіктес болуы, халықаралық аренада елдің экономикасын дамытуға әсер етуі – туризм саласының дамуына ықпал етуі; 3.Жолдаулар, мақсаттар, яғни, елді индустрияландыру, инновацияны дамыту және технологиялар трансфері бойынша мақсатты саясаты;	1.Дамыған елдердің, жоғары деңгейде өмір сүретін елдерде туристік жол жүрулерге көп қаражат бөлу; 2.Қаражатқа байланысты ыңғайлылық пен қызмет көрсету деңгейі анықталады; 3.Елдердің сыртқы экономикалық белсенділігі бизнес туризміне әсер етеді; 4.Өнеркәсіпті жаңғыртуға инвестициялар тарту; 5.Әлемдік стандарттарға сай, үлкен сұранысқа сай,	1.Туристік бизнеске халық санының (әсіресе, қаладағы) әсер етеді; 2.Қаладан күнделікті жұмыс, стресстен айырылу мақсатында экологиялық (тыныш) туризмін түрін таңдайды; 3.Туризм – жұмысқа деген қабілеттілікті ұстауға, әрі адамның физикалық, моральдық күшін қалпына келтіреді; 4.Зейнеткерлік те туризмге сұранысты арттырады; 5.Отбасы, жеке, екі	1.Ғылыми техникалық прогресстердің арқасында бір жерге бару (ұшақ, пойыз, кеме) уақыты қысқарды; 2.Сервистік қызмет деңгейі дамиды; 3.Жаңа магистральдер салыну (жолды жеңілдетеді); 4.Компьютер мен интернет туристік өнімдерге тапсырысты тез

	бәсекеге қабілетті кәсіпкерлікті дамыту.	адамдық арналған дамыту.	топтарға туризмді	уақытта, үйден шықпай бере алу мүмкіндігі; 5. Жаңа конструкциялар, күрделі құрылыстар мен туристік объектілер. 6. БАҚ жарнама деңгейін көтеруге әсер етеді.
--	--	--------------------------	-------------------	---

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде Қазақстан Республикасындағы туристік бизнесті дамыту үшін төмендегідей ұсыныстарды келтіреміз:

✓ 3D маршрутты іс жүзіне асыру үшін материалдық және техникалық базамен қамтамасыз ету;

✓ Мемлекет тарапынан қолдау табу;

✓ Осындай тұрғыдағы жобаларды ойлап табу үшін саналы ұрпақты тәрбиелеу;

✓ Қазақстан Республикасының туристік қызметті реттеудің принциптерін, басым бағыттары мен негізгі мақсаттарын жүзеге асырып, елге пайда әкелердей нәтиже алу үшін, ең алдымен, өз ісінің маманы болатындай кадрларды дайындау және олар үшін арнайы бағдарламалар жасап шығару;

✓ Елді халықаралық аренада әлемге таныту үшін Қазақстандағы туристік нысандар жөнінде халықты ақпараттандыру, яғни, жарнамаға барынша көп көңіл бөлу;

✓ Қазақстанның әлемдік деңгейде өзге елдермен тәжірибе алмасып отыруын қамтамасыз ету, сәйкесінше, мемлекеттер арасындағы саяси, ғылыми-техникалық және әлеуметтің ынтымақтастыққа жол ашу;

✓ Қазақстандағы ұсынылатын туристік қызметтің сапасына сәйкес бағаларды орнату;

✓ Қазақстандағы инфрақұрылымды дамыту.

✓ Турфирмалардың халықпен тығыз жұмыс жасаса және шынайы жарнама жасап, халықпен кеңестерімен бөліссе туризмнің дамуы әлдеқайда жоғарырақ болады деп ойлаймыз;

Осыған орай, туристік бизнестің даму жолдарының проблемасын шешу ретінде, әрі жаңа технологиялар негізінде халықты ақпараттандыру саласының жаңалығы болатын 3D маршрутымызды ұсынамыз. Жалпы, 3D маршрут дегеніміз – әрбір смартфонда болатын бағдарлама. Бағдарламаның мақсаты:

- Туристерді ақпараттандыру;
- Туристік сұранысты арттыру (туристер санын көбейту);
- Туристік орындарды жарнамалау;
- Туристердің жол жүру қатынасын жеңілдету;
- Ақпараттандыру және туристік бизнес саласында жаңалық енгізу.

Егер де бұл жоба қолдау тауып, іс жүзіне асырылса 2017 жылы өтетін халықаралық EXPO көрмесін тамашалауға келген шетелдік қонақтар мен жерлестеріміздің арасында қолданысқа ие болмақ.

Бірақ, XXI ғасыр технология дамыған заманда интернет арқылы карта мен google-ға сүйенетін адамдар біздің ұсынып отырған жобамызды қолдамауы әбден мүмкін. Осы мәселеге байланысты біздің жобамыздың артықшылығы мен ерекшеліктерін атап өткеніміз дұрыс болады: әр адам кез-келген жерде өзіне қажетті туристік аумақтар туралы ақпарат ала отырып, сол жердің табиғатымен және сол аймақтағы объектілер: қонақ үйлері, тамақтандыру орындары, тарихи мәдени-танымдық, рекреациялық орындары және т.б. аймақтарын зерттей отырып, өзіңе қажетті бағытты таңдай алады. Сонымен қатар, туристер

сол жердің орналасуын ғана емес, әрі туристік қызметтің бағасын және қызмет көрсету сапасын білу мақсатында өзге де демалушылардың пікірлерін көре алады. Бұл жобаның ең басты ерекшелігі - бағдарламаның интернетсіз жұмыс істеуі және бағдарламаның үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын), мүмкін болса өзге де халықаралық деңгейдегі тілдердің болуы. Алдын-ала брондау арқылы уақытты үнемдеуге, демалатын жерде орын болмай қалу жағдайынан және де басқа да түсініспеушілікті алдын алу.

Сөзімізді қорытындылай келе, Елбасымыздың «100 нақты қадам» ұлт жоспарына сүйеу бола отырып, туризмдегі – бұл жаһандық және ішкі сын-қатерлерге жауап және сонымен бір мезгілде, жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі жөніндегі жоспары деген болатын. елімізді алға жетелейтін, әлемдегі озық 30 елдің қатарына қосылуға мүмкіндік беретін реформалық өзгерістерді өрістетуге арналған асқаралы асуларды бағындырудың жоспарымен егжей-тегжейлі танысып шыққанымызда, шындығын айтқанда, келешегімізге деген сенім одан сайын өсе түсті. Жаһандану үдерісі бір жағынан экономикалық сын-қатерлерге ұшыратпай қоймауына байланысты оның алдын алуға, болдырмауға ұмтылумен бірге дамуды жеделдету өмір талабы екендігі даусыз. Сол себепті бәрі екшеліп, тұжырымдалған «100 нақты қадам» жөніндегі стратегиялық бағдарламаны айқын мақсаттың үлкен белгісі деп түсінемін. Әрине, оған жету оңай іс емес болмағанымен бұған дейін де Елбасының бастамаларына жұдырықтай жұмылып, көптеген міндеттерді шешудегі белсенділік бұл жолы да алға тартары анық [4]. Аталған жоспарды зерделеу барысында 86 және 87 қадамдардағы өзекті мәселелер мен талаптар орынды көрінді. Оның назар аударту себебі, өзімнің негізгі мамандығым туризм болғандықтан және еліміздегі туризм саласы жеткілікті түрде әлі де болса өз даму сатысына жетпеген, дегенмен оны дамытуға зор мүмкіншілігіміз бар бола, оны жүзеге асыра алмай отырғанымыз. Ал, біз барда, яғни жастар барда Қазақстан туризмі артта қалмайды.

Болашақта туристік бизнесті дамыту қазақ елінің алтын әріптерімен жазылатын және әлемдік туристік орталық болатынына кәміл сенеміз. Ұмытылмас шежіресі әрбір жеке адамның тарихынан құралады демекші, біз де бұл жоба арқылы туризмнің тарихи сахнасында маңызды орын алатынымызға күмәніміз жоқ. Ендеше, Қазақстанның белестері мен жеңістері ел тұрғындарының өлшеусіз еңбегінің жемісі екендігін шын жүрекпен сезініп, еліміздің дамуына ықпал ету - біздің қолымызда екенін түсіну керек!

Қолданылған әдебиет:

1. Сұрағанова С.Қ., Ешенқұлова Г.І. Туризмдегі кәсіпкерлік қызметтің негіздері, 2007, 347 б.
2. Исаева Г.Б. Қазақстан Республикасының туристік қызмет көрсету саласында шағын кәсіпкерліктің қызмет ету ерекшеліктері // Реферат, Қызылорда, 2012 ж.
3. Ерубаева Л.Ж. Туризм саласындағы кластеризация // студенттерге арналған пәннің бағдарламасы, Павлодар, 2013ж
4. inform.kz Алтынбеков Б. «100 нақты қадам» жөніндегі стратегиялық бағдарлама - айқын мақсаттың үлкен белгісі // 21 Мамыр 2015